

SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI
SEMEI

SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл №5 (117) мамыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

Жаһандық білім мен ғылымды арқау етіп жүрген «Дидактикалық көпір: Еуропа – Азия» халықаралық білім форумы осымен үшінші рет өтіп отыр. Алғашқы кездесу Семей қаласында, екінші форум Польша елінде өткен болатын, үшінші толқыны ұлылар мекені – Абай елінде қайта өз жалғасын тапты.

Шәкәрім университетінде өткен форумға Лешно қаласының Ян Амос Коменский атындағы мемлекеттік жоғары кәсіптік білім беру мектебінен (Польша), Кьонгдонг университетінен (Оңтүстік Корея), Шэньчжэнь университетінен (Қытай), Дүниежүзілік ислам ғылым академиясынан (Иордания), Экономика және менеджмент бойынша швейцариялық қолданбалы ғылымдар мектебінен (Швейцария), және Еуразия ұлттық университетінен келген делегациялар қатысты.

Жалғасы 4-5 беттерде.




ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ

- Сұранысқа ие мамандықтар ...
- Қызықты студенттік өмір...
- Жұмысқа орналасу кепілдігі...
- Шетелде білім алу мүмкіндігі...



ҚАЗАҚТЫҢ ӨР РУХТЫ АҚЫНЫ

Шәкәрім университетінің Құрметті докторы



Алдымен ақын университетіміздің «Рухани жаңғыру» орталығында Дулат Бабатайұлы атындағы ақындар мектебінің шәкірттерімен кездесті.

Жас ақындар Олжас Омарұлына арналған өлеңдерін оқыды. Көрнекті қоғам қайраткері университетке өз қолтаңбасын қалдырды. Кездесу алдында Олжас Сүлейменов орталығының ашылу салтанаты өтті.

Орталықта университет студенттері мен қонақтары ақынның шығармашылығымен танысып қана қоймай, оның көп қырлы тұлғасын тануға, сонымен қатар қызықты кездесулер мен іс-шаралар өткізуге мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылдың 30 мамыр күні Шәкәрім университетінде белгілі ақын, Қазақстанның Еңбек Ері, қоғам қайраткері, «Невада-Семей» қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменовпен кездесу өтті.

Ш а р а қонағымен бірге Алматыдағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, академик Есполов Тілектес И с а б е к ұ л ы болды. Кездесу барысында ақын аудитория т а р а п ы н а н қ о й ы л ғ а н сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөлісіп, жастарға қолтаңба берді. Бұл Олжас

Омарұлының шығармашылығына қызығатындар үшін үлкен тарихи оқиға болды.

Кездесу барысында Олжас Сүлейменовке «Шәкәрім университетінің құрметті докторы» атағы беріліп, арнайы куәлік табысталды.

Кездесудің соңы «Бейбітшілік» аралындағы «Өлімнен де күшті» ескерткішінің маңында тәрбие сағатымен жалғасты. «Невада –



Семей» антиядролық қозғалысының жетекшісі – Олжас Сүлейменов Семейлік жастармен кездесті.

Семей полигоны құрбандарына арналған монументке гүл шоқтарын қойған Олжас Сүлейменов жастарды қырық жыл қазақ даласына қырғын әкелген Семей ядролық сынақ полигонын қайтпас қайсарлықпен жапқан халықтың ерлігімен мақтануға шақырды.

АЛАШТАНУШЫ ҒАЛЫМҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Таяуда Шәкәрім университетінде белгілі энциклопедист, алаштанушы ғалым Шаңбай Тұрдықұлдың балаларға арналған «Аманаты Алаштың» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Кездесуге қаламыздың, университетіміздің зиялы қауым өкілдері қатысты. Университет ғылыми кеңесінің шешімімен «Құрметті профессор» атағы беріліп, университет ректоры Мейір Ескендіров алаштанушы ғалымды «Шәкәрім» медалімен марапатады.

- Өзім түлеп ұшқан оқу орын ұстаздарының алдында кітабының тұсауын кесу мен үшін үлкен дәреже, –

деді Тұрдықұл Қасенұлы.

Айта кетейік Тұрдықұл Қасенұлы - университетіміздің түлегі, қаламыздағы Алаштану ғылыми-зерттеу орталығының директоры, бірнеше энциклопедияның авторы.

28 мамыр күні Шәкәрім Университеті Ғылыми кітапханасының Коворкинг-орталығында «ДИДАКТИКАЛЫҚ КӨПІР: ЕВРОПА-АЗИЯ» III Халықаралық білім форумы аясында «ИДЕЯДАН БАСТАП, СТАРТАПҚА ДЕЙІН» БИЗНЕС-ТРЕНИНГІ өтті.

«ИДЕЯДАН БАСТАП, СТАРТАПҚА ДЕЙІН»

Тимбилдингтың ұйымдастырушылары ретінде Шәкәрім университетінің Ғылыми кітапханасы мен франшиза және технологиялар орталығы танылды.

Бизнес-тренингтің негізгі мақсаты – қала жастарын тәжірибелі кәсіпкерлермен таныстыру; идеялардың (түпкі ойлар) қалай бизнеске айналатыны туралы жариялау.

Қатысушылар идеяны қалай тудырып, оны стартап деңгейіне жеткізуді: бизнес-модельді құрастыру, тайм-менеджменттің негіздері – уақытты тиімді пайдалану, өзін жетілдіріп, өнімін ұсыну сияқты бірқатар дағдыларды үйренді.

«ХАЛЫҚТЫҢ ТҮЗЕЛУІНІҢ ҮМІТІ – ЖАСТАРДА»



«Жақсының хаты өлмейді» - дегендей, Алаш қайраткерлерінің баға жетпес мол мұралары бүгінде біздің асыл қазынамызға айналып отыр. Шетелдік журналистикада өмірден өткен тұлғалардың шығармаларына сүйене отырып, олармен «сұхбаттасу» дәстүрі бар. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен болған «Рухани сұхбатты» оқырман назарына ұсынамыз.

– Аса құрметті ұлт ұстазы, ана тіліміздің тағдыры әлі де болса қазақ қоғамын ерекше алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі болып отыр...

– Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүнияды адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы – еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды.

Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді.

Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ – сөз баққан, сөз қүйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан.

Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған.

Ұлттың сақталуына да,

жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды

– Ел болашағы жастар деп жатамыз. Бүгінгі жастарға қойылар басты талап қандай болу керек?

– Халықтың түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан, жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуін, бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс.

Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі де түзелмейді.

Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.

Оқусыз халық – қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші.

Адам баласын: көкте құстай ұшқызған, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүнианың бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған – ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген – ғылым

Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілер де көбеюі ықтимал.

– Басқамен тереземізді теңестірудің қандай жолдары бар?

– Істің мәні жалғыз-ақ тамақ асырап, күн көруде қалмас, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілік етеді ғой. Қазақ деген

қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы бізді төсекте дөңбекшітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе.

Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат.

– Азат елдің жастарына айтар өсиетіңіз...

– Еңбексіз егін шықпайды, терлесең терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды.

Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі. Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі.

Адам қанша дана, білімді болса да, қанша қаһарман, қайратты болса да, әлеумет оның мақсатын ұқпайтын болса, қайраткер қамалға жалғыз шапқан батырдай әлек болады.

Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз.

Өткенді қуғанды қойып – осы күйінді жөндеуге жөн іздеу керек. Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Сұхбатты әзірлеген:
Д. Тілеуберді,
Семей қаласы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ



Басы 1-бетте.

Халықаралық басқосуға ұйтқы болған Шәкәрім университеті форум жұмысына үш бірегей жобаны ұсынды:

- машина жасау бағдарламасы;
- ядролық медицина мен ядролық қауіпсіздік саласындағы тәжірибе.
- ауыл шаруашылығы, ормандарды қорғауды, экологияны дамытудағы тәжірибе.

Шетелдік ғалымдар дәріс оқумен қатар, тәжірибе алмасып, серіктестік байланысты нығайтып, өзара тиімді құжаттарға қол қойды. Форум аясында Шәкәрім университеті, Ислам ғылым академиясы және Шэньчжэнь университеті арасында білім беру, ғылыми ынтымақтастық туралы меморандумдар қабылданды.

Шэньчжэнь университеті мен Шәкәрім университетінің бірлескен шешімімен халықаралық көзқарас пен инновацияны және достық қарым-қатынасты дамыту мақсатында елімізде алғаш рет «Белдеу-жол» ғылыми-зерттеу, (Шэньчжэнь) институтының Шәкәрім университетінде өкілдігі ашылатын болды.

«Дидактикалық көпір: Еуропа-Азия» халықаралық форумына қатысушылар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-мұражайында Семей қаласының зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

Кездесуді Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есім «Абай өркениет әлемінде» баяндамасымен ашты.

Алаштану ғылыми-зерттеу орталығының директоры Шаңбай Тұрдығұл Хасенұлы «Хакім Абай және Алаш алыптары: еркіндік пәлсапасы», Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Қайрамбаева Мейрамгүл «Ұлы Ақын мұрасы және Абай музейі» атты баяндамаларын оқыды.

«Дидактикалық көпір: Еуропа-Азия» форумына арнайы келіп қатысқан Қазақстан Республикасының



АЯСЫ КЕҢЕЮДЕ

Тұңғыш президенті – Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Рахымжанов университет ұстаздары мен студенттеріне «Елбасы феномені» атты дәріс оқыды.

Алдымен Тұңғыш Президент және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы туралы деректі фильм көрсетілді. Дәріс барысында Елбасы туралы тың деректер айтылып, еліміздің қалыптасуына қосқан зор үлесі жайында сөз қозғалды.

Кездесу соңында Әмірхан Рахымжанов университетке Елбасы туралы сирек кездесетін кітаптарды сыйлады. Сонымен қатар форумды ұйымдастырғаны және мазмұнды бағдарламасы үшін университет басшылығына алғысын білдірді.


Университет ректоры Мейір Ескендіров Әмірхан Рахымжановты «Абай елі» алғысымен марапаттап, университет жастары атынан алғысын білдірді.

Осы сапар барысында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры, профессор Әмірхан Рахымжанов SKACC халықаралық факультетінің студенттерімен кездесті. Студенттердің жағдайымен танысып, еркін әңгіме өткізді.

Шетелдік меймандар Шыңғыстаудағы Жидебайға барып, ұлы Абайдың мұражайымен танысты.

Шежірелі қарт Ертістің жағасында өткен халықаралық форум алыстағыны жақындатып, отандық білім саласын әлемдік руханият көкжиегіне тағы бір саты көтерген басқосу болды. Алыстан ат терлетіп келген меймандар форум жұмысын жоғары дәрежеде ұйымдастырып, халықаралық байланыстың шеңберін кеңейтуге өзіндік үлестерін қосқан қазақстандық әріптестеріне зор ризашылықтарын білдірді.

Өз тілшіміз.



■ СҰХБАТ

КЛУБТЫҢ МҰРАТЫ – КРЕАТИВТІ ЖАСТАРДЫ ШЫҢДАУ



Шәкәрім университетіндегі АКМЕ халықаралық клубының жетекшісі, PhD докторы Арай Жүндібаевамен сұхбат.



– АКМЕ клубы қашан, қалай құрылды?

– АКМЕ – грек тілінен аударғанда «шың», «кемелдену кезеңі» деген ұғымды білдіреді. «Акме» ұғымы кәсібиліктің шыңына шығу сол арқылы өмірде табыстарға жету, шығармашылық әлеуеттің дамуы яғни тұлғаның кемелденуі.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған Алаш қайраткерлері дәл осы Семей жерінде алғашқы ағартушылық жұмыстарын жасап, арнайы АКМЕ ұйымдарын құрған екен. Біз сол бабалар жолын жалғастырып, төп руханиятымыздың дамуына өз үлесімізді қосуды мақсат етіп отырмыз. Университет ректоры Мейір Ескендіровтың бастамасымен құрылған АКМЕ халықаралық ағартушылар клубының жұмыс жасап жатқанына екі жылдан астам уақыт өтті. Клуб мүшелерінің дені жастар. Аталмыш клубтың басты мақсаты- белгілі бір ортада, қоғамда қалыптасқан көзқарастарды жастар арасында кеңінен талқылап, жас буынды дұрыс бағытқа жетелеу.

– Клубтың негізгі жұмыс бағыты қандай?

– Біздің өзге клубтардан ерекшелігіміз атауы айтып тұрғандай екі ұғымға негізделген. Біріншісі ағартушылық клуб. Бұл ағартушылық

клубтың негізгі мұраты – кез-келген рухани әңгіме не болмаса қоғамдағы белгілі бір мәселелер жайында жастарға жол сілтей алатын белгілі тұлғалар келіп, өздерінің дәрістерін оқиды. Біз мұны гросс-модератор деп атаймыз.

Ауқымды проблемалар көтерілетін клуб отырысына университет ректорының өзі басшылық етеді. Ал жастар арасында өтетін жиындарға атқарушы модератор ретінде өзім бекітілгенмін. Кейбір өзекті мәселелерді тек жастардың өз арасында ғана талқылай бермей соны аға буынмен бірлесе ортаға салу мүмкіндіктері де бар. Аға буынмен қатар отырып белгілі мәселелерді талқылау кезінде жастар өз көзқарастарын білдіріп отырады. Яғни креативті жастардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, назарға алынады. Осы отырыстар екі ұрпақтың ортасын бір-біріне жалғастыратын көпір деп айтсақ болады.

Екінші мәселе жастар арасында өзі таңдаған бизнестің ерекшеліктерін таныстырғысы келетін немесе жаңа бір жобамен жұмысын бастағысы келетіндер де бар. Осындай тың идеяларды да ортаға салатын сәттер болады. Яғни жастар арасындағы идея портфельдері ортаға жинақталады.

– Клуб жұмысы қандай форматта жүргізіледі?

– Клуб отырыстары бізде екі түрлі форматта жүргізіледі. Белгілі дәріскерлер шақырған уақытта не болмаса белгілі бір үлкен қоғамдық мәселелер талқыланатын сәттерде кеңейтілген отырыстар өтеді.

Осы кезеңге дейін клуб отырысына елімізге танымал көптеген ғылым, өнер, қоғам қайраткерлері шақырылды. Бізге гросс-модератор болып, келелі мәселелерді жастар алдында

көтерген белгілі қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, белгілі ақын Ұлықбек Есдәулет, мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Несіпбек Айтөв, Халықаралық Түркі академиясының президенті, «Егемен Қазақстан» АҚ басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, белгілі әдебиеттанушы Айгүл Смакова, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, жазушы, философ Ғарифолла Есім сынды тағы басқа көптеген танымал тұлғалар болды. Сонымен қатар олар АКМЕ клубының беделді мүшелері болып саналады. Кез-келген уақытта олар АКМЕ-ның жастарымен онлайн арқылы сұхбаттаса алады. АКМЕ клубының жұмысы негізінен қазақ тілінде жіргізіледі. Кей жағдайларда, орыс, ағылшын тілінде өткіземіз.

– Аталмыш клубтың алдағы уақыттағы жоспары қандай?

– Қазір біз жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз ғой. Қоғамды толғандыратын мәселелер жеткілікті. Соның бастыларының бірі - тіл мәселесі. Көп жағдайда жастарға тіл үйрен деп ақыл-кеңес береміз. Өкінішке орай талабы бар кейбір жастар тіл игеруді қалай бастауды да білмей жатады. Сонымен қатар, клуб отырысында латын әрпін қолдану мәселесі талқыланып, жастарға латын әрпіне көшудің қажеттілігі кеңінен түсіндіріліп, көптеген сауалдарға мамандар өз жауаптарын берді. Біз бірінші кезекте клуб отырысының күн тәртібіне қоғамдағы өзекті тақырыптарды қоюға тырысамыз. Әсіресе ұлттық руханият мәселелеріне көбірек көңіл аударамыз.

– Өңгімеңізге рахмет.

**Сұхбатты жүргізген
Динара Адай,
журналистика мамандығының
3 курс студенті.**

Жыр айдынынан...



**Тұғат Досымханов -
Шәкәрім университетінің саясаттану
мамандығының 4-курс студенті.**

АУЫЛДЫ АҢСАУ

Сағындым, ауылымды алыстағы,
Сағындым, ауылдағы таныстарды.
Жамбы атып, асық ойнап, көкпар тартқан,
Сағындым, ұлттық ойын жарыстарды.

Сағындым, ауылдағы құлын – тайды,
Сағындым, ду – ду болған жиын – тойды.
Сағындым, гүл құлпырған бақша – сайды,
Сағындым, ауылдағы әрбір айды.

Сағындым, ауылдағы мез – мейрамды,
Сағындым, Мәжнүңдей мен Ләйлімді.
Ауылым жиі – жиі түске кіріп,
Лүпіл жүрек дүрсілдеп қақ айырылды.

СҰЛУ ҚЫЗДЫ САҒЫНДЫМ

Сұлу қызды сағындым, сұлу жүзді,
Менсіне ме ол бірақ мына бізді.
Сөзге епті, тілі бал, қолаң шашты,
Қарақаттай мөлдірлі қара көзді.

Үлбіреген жіңішке, алма мойын,
Өзін көрсем балқиды тұла бойым.
Мінезінде міні жоқ, әңгімешіл,
Білсе ғой! Қандай екен ішкі ойын.

Қыпша белді айтсаңшы, қыпша белді,
Тал шыбықтай бұралған талма жерді.
Ұзын шашын айтпауға тағы болмас,
Төмен қарай құлайтын қара селді.

Аяқтары жіңішке, түзу келген,
Әсемдікті мұншама қайдан берген.
Елестеп, жылдар бойы ұмыта алмас,
Жанталасып, не түрлі көздер көрген.

ҰЛЫ АРМАНДАР

Ұлы армандар жетелейді адамды,
Жылдам – жылдам бастырады қадамды.
Қиялдармен өткізесің түндерді,
Жаулап алар ойыңменен санаңды.

Ұлы армандар жетелейді биікке,
Сендік арман аласа ма, биік пе?
Адам – аңшы, кезетұғын орманды,
Ұлы армандар ұқсайтұғын киікке.

Ұлы армандар жетелейді бақытқа,
Арман деген алтын ба, әлде жақұт па?
Арманыңа ғашық болғын үнемі,
Ұлы армансыз бақыт деген бақыт па.

ҚАЗАҚ ТІЛІМ

Қазақ тілім, менің жарқын періштем,
Талай – талай, азап көрген, қан кешкен,
Қазақ тілін білемін деп мақтанам,
Бірақ, бірақ орыс тілде, кетпей-ақ тұр әлі естен.

Қазақ тілім, жүрегімде тұрады,
Қазақ тілім, қазағымның ұраны.
Өзі шешен, өзі ақын, өзі бал,
Қазақ тілім, қазағымның жыр – әні,

Қазақ тілден тасқындаған жыр ақты,
Ең ұлы тіл, қазақ тілі сияқты.
Өзі мақал, өзі нақыл, өзі жар,
Қазақ тілім өркендесін жан – жақты.



Құрылтайшысы:
Семей қаласының Шәкәрім
атындағы мемлекеттік
университеті.

Студент - жастарға арналған
ақпараттық-танымдық
басылым айына
бір рет шығады.

Редактор
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның
мекен-жайы:
Семей қаласы,
Глинка
көшесі, 20 а,
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университетінің
баспаханасында басылып
шығарылды.
Тел: 31-88-34
Семей қаласы, Глинка, 20 а
Таралымы 500 дана

ТЕСТ КЕЗІНДЕ КІМГЕ ЖЕҢІЛДІК БЕРІЛЕДІ?

■ ҰБТ-2019

Мектеп түлектері үшін соңғы қоңырау соғылды. Енді, аттестат алу үшін емтихан тапсыру қажет. Ал 20 маусымда ұлттық бірыңғай тестілеу басталады, деп жазады Sputnik Қазақстан.

ҰПАЙ САНЫ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Биыл тест тапсырмалары 30 процентке жаңартылды. Талапкер бұрынғыдай үш негізгі пән – Қазақстан тарихы, математика және оқу сауаттылығын тапсырады. Бұдан бөлек, екі салалық пән бар. Оны талапкер өзі таңдайды.

Бес пән бойынша 120 тапсырма бар. Алайда 140 ұпай жинауға болады. Өйткені кейбір тапсырмаларда бірнеше дұрыс жауап болады. Мәселен, екі салалық пәннің 30 тапсырмасы бар. Соның ішінде 20 тапсырмада 1 ғана дұрыс жауап берілсе, 10 тапсырмада бірнеше дұрыс жауапты табу қажет.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыруға 3 сағат 50 минут беріледі.

ҚАНША ҰПАЙ ЖИНАУ КЕРЕК?

Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін тестілеуден, кем дегенде, 65 балл жинау керек. Ал «Педагогикалық ғылымдар», «Ауыл шаруашылығы мен биоресурстар» мен «Ветеринария» бойынша ұпайдың саны 60-тан кем болмауы шарт.

Басқа жоғары оқу орындарының ақылы бөліміне өту үшін 50 ұпай жеткілікті. Дегенмен, медицина мамандықтары бойынша 65 балл жинау қажет.

«Алтын белгінің» бір ғана артықшылығы бар. Егер екі талапкер тест қорытындысы бойынша бірдей ұпай жинаса, онда мемлекеттік грант «Алтын белгі» иегеріне беріледі.

ТЕСТ ТАПСЫРУДАН КІМ БОСАТЫЛАДЫ?

Былырдан бері ұлттық бірыңғай тестілеуді ағылшын тілінде тапсыруға мүмкіндік бар. Алайда Қазақстан тарихы тек қазақ және орыс тілінде ғана тапсырылады.

Талапкердің ағылшын тілін меңгергені туралы халықаралық куәлігі болса, «ағылшын тілі» пәні бойынша тест тапсырудан босатылады.

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҒА ТАҒЫ БІР ЖАҢАЛЫҒЫ

Бұған дейін жоғары оқу орындары мамандықтардың нақты тізімі бойынша жұмыс істеген. Биылдан бастап оның орнына білім беру бағыттарының классификаторы енгізілді. ЖОО-лар сол бағыттарға қарай оқыту бағдарламаларын даярлап отырады. Гранттар да нақты мамандықтарға емес, білім беру бағдарламасына бөлінеді. Мәселен, «Математика мұғалімдерін даярлау» тобына «математика», «математика-физика», «математика-информатика» мамандықтары кіреді. Сол сияқты «Ақпараттық технологиялар» тобында «информатика» мен «ақпараттық технологиялар» мамандықтары бар.

Бір топқа мың грант бөлінді дейік, конкурс дәл осы топты таңдаған барлық талапкерлер арасында өткізіледі. Ал грантты ұтып алғаннан кейін талапкер университетке қабылданады да, білім бағдарламасының нақты мамандығын таңдайды.



МАМАНДЫҚТЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

Ұлттық бірыңғай тестілеуден өткен барлық талапкерлерге куәлікпен бірге ақпараттық парақшалар беріледі. Онда бірнеше пайдалы мәлімет болады. Олар:

- Білім беру бағдарламаларының тізімі;
- Биыл бөлінген гранттардың саны;
- Бұған дейінгі конкурстардың нәтижелері;
- Грантқа өтудің орташа ұпай саны;

Аталған мәліметтердің көмегімен грантқа түсу мүмкіндігін сараптап, нақты мамандықты таңдауға болады.

ТӨРТ РЕТ ТЕСТ ТАПСЫРУҒА БОЛАДЫ

Биылдан бастап мектеп түлектері ұлттық бірыңғай тестілеуді төрт рет тапсыра алады. Бұған дейін тестілеу қаңтар, маусым және тамыз айында болатын. Оған тағы бір кезең қосылды.

- 15-20 қаңтар аралығында (ақылы), өтініштер 1-15 желтоқсанда қабылданады;
- 24-29 наурыз аралығында (ақылы), өтініштер 1-15 ақпан күндері тапсырылады;
- 20 маусым мен 5 шілде аралығында (тегін), өтінішті 10 наурыз-10 мамыр кезінде беру керек;
- 17-20 тамыз аралығында (ақылы), өтініштерді 25 шілдеден 3 тамызға дейін тапсыру қажет;

Ақылы тест бағасы - 2 242 теңге. Оның нәтижесі бойынша тек ақылы бөлімге ғана түсу мүмкіндігі қарастырылған. Ал мемлекеттік грантты алу үшін жазда өтетін тегін ҰБТ-ға қатысу қажет.

ҰПАЙ «ҰТУДЫҒА» ЖОЛДАРЫ

Қазіргі ережеге сәйкес, тест өткен күні ҰБТ-ның нәтижесі ақпараттық стендке ілінеді. Сондай-ақ, мемлекеттік комиссия оны www.testcenter.kz сайтында жариялайды.

Талапкер тест нәтижесімен келіспесе, тапсырма сұрақтарына қанағаттанбаса, апелляциялық шағым түсіреді. Арыз-шағымды бірден сол күні, болмаса, келесі күні сағат 13:00-ге дейін тапсыру қажет. Комиссия оны бір күн қарайды. Апелляциялық шағымның арқасында бір-екі ұпайды «ұтып алған» талапкерлер де болады.

ҚАЖЕТТІ ҰПАЙ БОЛМАСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Талапкер шекті ұпайдың санын жинай алмаса, жоғары оқу орнына шартты түрде түсе алады. Ондайда тек ақылы бөлімде ғана оқуға мүмкіндік бар. Алайда бір семестрден кейін, яғни, қаңтар айында ұлттық бірыңғай тестілеуді қайта тапсыруы қажет.

Қысқы тесттен өткен студент оқуды жалғастыра береді. Ал тесттен өте алмағандарға университетпен қоштасуға тура келеді. Жазда ұлттық бірыңғай тестілеуді тағы тапсырып көруге болады.